

Мектептегі психологиялық қызметтің жылдық есебі

2022-2023 оқу жылы

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
Өзен ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» комуналдық мемлекеттік
мекемесі.

Психологиялық қызметтің мақсаты - білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

1. оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, олардың негізгі проблемалары мен туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
2. баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесінің және оқыту процесіндегі оның психологиялық даму динамикасының мониторингі; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
3. білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу;
4. әлеуметтік қауіпсіздіктегі, психологиялық денсаулықтағы проблемаларды еңсеруге және мінез-құлықтың деструктивті нысандарын, білім алушылар мен тәрбиеленушілерде бейімделу, оқыту және тәрбиелеудегі қиындықтарды алдын алуға бағытталған жеке дамытушы және түзету-дамытушы бағдарламаларды әзірлеу және енгізу;
5. жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдірудің әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыруға және қабілетін дамытуға жәрдемдесу;
6. білім беру процесіне қатысушыларға өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, білім беру процесіне қатысушылардың жеке басының құқықтарына қысым жасамай, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл жасау қағидаттарын тәрбиелеуге және қалыптастыруға жәрдемдесу;
7. білім беру ұйымы қызметінің практикасына психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеу саласындағы ғылыми және практикаға бағдарланған жетістіктерді тарату және енгізу;
8. білім алушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтар мен

мамандардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, тұлғаға бағдарланған көзқарас негізінде пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

9. білім беру ұйымының алқалы органдарымен және мүдделі білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, ішкі істер органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

Жұмыстың негізгі бағыттары

Диагностикалық бағыт

Мақсаты: оқыту мен дамытуда проблемалардың туындау себептерін анықтау үшін оқушылардың жеке жеке ерекшеліктерін зерделеу; жеке адамның күшті жақтарын, оның резервтік мүмкіндіктерін, кәсіби және танымдық мүдделерді ерте анықтау.

Дамыту (түзету) бағыты

Мақсаты: қызмет көрсету немесе тиісті мамандарға жіберу арқылы барлық мұқтаж оқушыларға түзету-дамыту қолдауы үшін жағдай жасау.

Психологиялық-педагогикалық ағарту

Мақсаты: оқушылардың, педагогтардың, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін (психологиялық мәдениетін) дамыту, салауатты өмір салтына қондырғылар қалыптастыру, оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға жәрдемдесу.

Консультативтік бағыт

Мақсаты: оқушыларға, олардың ата-аналары мен педагогтарына дамудың, әлеуметтендірудің өзекті міндеттерін, оқу қиындықтарын, өзара қарым-қатынас проблемаларын шешуге көмек көрсету.

Ұйымдық-әдістемелік бағыт: өзін-өзі білім беру, КС мамандарының әдістемелік бірлестіктеріне қатысу және сөз сөйлеу, әдістемелік қоржынды толықтыру, жаңа әдістемелерді сатып алу және әзірлеу.

2022-2023 оқу жылы 1,5 және 10 сынып оқушыларының бейімделуінен басталды.

Мақсаты:

Оқушылардың психо-эмоционалдық көңіл-күйін, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасын, зейінін шоғырландыруын, үзіліс уақыты мен сабақ барысындағы белсенділігін диагностикалау.

Міндеттері:


- ▶ Тест «Мектепке келгендегі оқу қабілетін зерттеу» ;
- Оқушылардың эмоциялық жағдайын бақылау ;
- Балалардың оқу мотивациясын анықтау;
- Оқушының үзіліс уақыты мен сабақ барысындағы белсенділігі, құрбыларымен қарым-қатынасына бақылау.
- Ата-ананың қаншалықты дәрежеде балаға көмектесуін анықтау

Мектептегі психологиялық қызметтің міндеттерінің бірі-баланың психологиялық саулығын, яғни жан дүниелік, физиологиялық дамуына ықпал ету және ортада қолайлы микроклимат қалыптастыру. Бастауыш сыныпқа өткенде, орта буын сыныбындағы дағдыға бейімделу кезінде балада дағдарыс сипаттары болады. Бастауыш пен орта буын оқуындағы өзіндік қиындықтар шәкірт психикасының өзгеруіне, эмоционалдық сферасын игеруіндегі қиналыстарға әкеліп, оқу-үлгерімінің, психикалық саулығының төмендеуіне әсер етеді. Бастауыш сыныпта бір ғана мұғалім сабақ өткізетін болса, орта буында бірнеше мұғалім сабақ өткізеді, оқушылар мұғалімдердің өзіне тән психологиясын үйрене алмайды. Бастауыш сыныпта оқушылар мұғалімдердің өзіндік ерекшеліктеріне сын көзбен қарамаса, мұғалім оқушы үшін бедел иесі болса, жеткіншектің кезеңде балалар мұғалімдерінің өзіндік ерекшеліктеріне сын көзбен қарай бастайды. Төменгі сынып оқушылары үшін сабақ мазмұны қызықты болса, орта буында пәндердің көбеюі, олардың мазмұны жеткіншектер үшін қиыншылықтар тудырады.

Адаптациялық кезеңдегі зерттеу оқу жылының басында, қыркүйек айындағы, сыныптың жалпы жағдайын зерттеуден басталады. **Онда:**

1 сынып оқушыларынан Керн – Йрасек әдістемесі баланы мектепке оқуға психологиялық дайындығы анықтау мақсатында алынды.

Қорытынды: Оқушының оқуға дайындығын зерттеу барысында -8 оқушы орташа деңгейді және 2 оқушы жақсы деңгейді көрсетті. Оқушының оқуға дайындығын нормаға сай дегенді білдіреді. Мектепке бейімділігі қалыпты жағдайда.



«Баспалдақ» әдістемесі. Мақсаты баланың өзін – өзі бағалау деңгейін анықтау. Қатысқандар 10 оқушы. Өзін – өзі жоғары – 6 оқушы, орташа бағалауы – 3 оқушы, төмен бағалауы – 1 оқушы. Қорытынды: оқушылармен өзін – өзі бағасын көтеретін түзету жұмыстарын жүргізу, оқушылардың күнделікті эмоциялық ккңіл – күйіне назар аудару.



«Менің отбасым» жобалау тесті. Суреттің салуыларының нiтижесi бойынша оқушылар ата – ана махаббатын сезiнедi, отбасындағы қарым – қатынас қалыпты.

Сыныптың қарым-қатынасы жақсы. Жазу, оқу, сызу, сөздік қорлары жалпы сынып жақсы деңгейде. Мектепке бейімделуі қалыпты. Коррекциялық жұмыс: Сыныппен тренинг өткізу. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған әдістермен жұмыс.

1 сынып оқушыларымен «Кел танысайық» тренингі өтті. Барлық оқушылар өте белсенді қатысты. Өздерінің сүйікті істері, достары, мектепте оқығандары ұнайтындарын айтты.

«Бейімдеу кезіндегі білім алушылардың алаңдаушылығын анықтау» экспресс әдістемесі қорытындысы бойынша оқушылардың алаңдаушылық, үрей, қорқыныш деңгейлері төмен екендігі көрсетеді.

Н.Г.Лусканова «Мектеп мотивациясының деңгейін анықтау» әдістемесінің қорытындысы бойынша оқушылардың оқуға деген мотивациясы жоғары екендігі анықталды. Сауалнамаға 6 оқушы қатысты.

«Менің отбасым» жобалау суреттік тесті оқушылардың отбасындағы рөлі мен қарым – қатынасын анықтау мақсатында жүргізілді. Жобалау әдістемесінің қорытындысы бойынша екі оқушы жалғыздықты сезінеді.

«Өмірде жоқ жануар» жобалау әдістемесі. Оқушылардың көңіл – күйі, агрессиялық күйі қалыпты жағдайда.

1 сынып оқушыларының ата – аналарымен «Оқушылардың мектепке бейімделуі» тақырыбында ата – аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты: баланың мектепке бейімделудегі ата – ананың рөлі.

Рахманкулова әдістемесі бойынша мектепке бейімделуін анықтау мақсатында ата – аналардан сауалнама алынды. Сауалнаманың нәтижесі бойынша оқушылар бейімделу уақытында еш қиындық байқалмайды. Қуанышпен мектепке барады, үй тапсырмаларын қуанышпен орындайды.

Ата – аналарға мынадай ұсыныстар айтылды жаднамалар таратылды.

Ата - аналарға ұсыныс:

1. Баланы жайлап оятыңыз: оянғанда ол сіздің күлімдегеніңізді көріп, еркелеткен дауысыңызды естісін. Таң атпай оны ұсақ - түйекпен асықтырмаңыз, кеше ескерткен болсаңыз да, қателіктері мен жаңсақтықтары үшін кінәламаңыз.
2. Баланы мектепке таңғы ассыз жібермеңіз: мектептегі тамақтануға дейін оған көп жұмыс істеу керек болады.
3. Қоштасарда ескерту, ақыл айтыңыз: тентек болма, өзінді жақсы ұста, бүгін жаман бағалар болмасын және т. б. Балаға сәттілік тілеңіз.
4. БҮГІН ҚАНДАЙ БАҒА АЛДЫҢ деген сөзді ұмытыңыз. Мектептен кейін баланы байыпты қарсы алыңыз, оған көп сұрақтар қоймаңыз, босансуға мүмкіндік беріңіз.
5. Егер балаңыздың ренжулі, бірақ үндемейтінін байқасаңыз, сұрап қинамаңыз, саябырланған соң өзі айтады.
6. Мұғалімнің ескертуін ести сала, ұрсысуға асықпаңыз, мұғаліммен баланың қатысуынсыз сөйлесуге тырысыңыз.
7. Мектептен келе балаға сабақ орындауға асықтырмаңыз, күш жинауға 2 - 3 сағат қажет (1 сыныпта 1, 5 сағат ұйықтап алғаны жақсы). Сабақ дайындауға тиімді уақыт - 15 - 17 сағат аралығында.
8. Бір отырғаннан барлық сабақты орындатпаңыз, 15 - 20 минут сабақтан кейін 10 - 15 минут үзіліс қажет.
9. Сабақ орындағанда үстінен төніп тұрмаңыз, өзіне жұмыс істеуге мүмкіндік беріңіз, бірақ сіздің көмегіңіз керек болғанда сабырлық сақтаңыз. Байыпты сөйлеп,

қолдау, мақтау қажет.

10. Баланың бас ауруына, шаршауына, көңіл - күйінің нашарлауына шағымданса, назар салыңыз. Бұл көбінде қажудың, сабақтағы қиналудың басты көрсеткіштері болады.

5 сынып оқушылармен «Алақай мен 5 сыныпта оқимын» тақырыбында түзету сабағы жүргізілді. Мақсаты: 5 сынып оқушыларына орта буынға, оқу жағдайына бейімделі кезеңінде психо – педагогикалық қолдау көрсету.

Түзету сабағы өзін мақтаудан басталды. Балалар сабаққа белсенді қатысып өздерін еркін ұстап, көңілді қатысты.

10 сынып оқушыларынан Басс Дарка әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: оқушы бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау. Нәтижесінде мазасыздық деңгейлері нормаға сай екендігі анықталды.

Ұсыныс:

- Оқушылардың эмоциялық жағдайын бақылау;
- Күнделікті жағдайларын қадағалай;
- Пәнге деген қызығушылықтарын арттыру;
- Танымдық процестерін дамытатын түзету сабақтарын ұйымдастыру.

Тақырыбы: «Алақай мен 5 сыныпта оқимын»

Мақсаты: 5 сынып оқушыларына орта буынға оқу жағдайына бейімдеу кезеңінде психо – педагогикалық қолдау көрсету.

Әдісі: психотүзету сабағы

Қатысқандар саны: 5 оқушы

Қатспағандар саны: 1 оқушы Ерден Нариман себеті жағдаймен қатысқан жоқ

Жүргізу барысы:

1. Танысу «Өзіңді мақта» жаттығуында оқушылар шеңберге тұрып өздерін мақтап жақсы жақтарын айтты. Бұл жаттығу оқушылардың батылдыққа дамытып өзіне деген сенімін оятты.
2. «Орнымызды ауыстырамыз» жаттығуында оқушылар белсенді түрде қатысып көңілді өкізді.
3. Оқушылар өздері тренинг ережесін құрастырып ортаға салды.
4. «Сөйлемді жалғасыр», «Мен кімін, қандаймын» жаттығуларында оқушылар бос орындарға өздерін жақсы жақтарын мақтап еш қысылмастан жазып белсенді қатысты.

Оқушылар тренингке белсенді қатысып өзіне деген сенімділік, батылдық қасиеттерін алды.

Нәтижесі: оқушылар белсенді қатысты.

Ұсыныс: Оқушылардың психо – эмоциялық көңіл күйін бақылау. Келесі сабақтарда Ерден Нариманға жеке кеңестер беру және келесі сабақтарда қатысуын жоспарлау.



1 сынып оқушылармен «Мектепке жол» психокоррекциялық сабақ жүргізілді. Сабаққа сынып толық қатысты.

Мақсаты: оқушыларды мектепке бейімдеуге көмек көрсету.

Сабаққа оқушылар қызығушылықпен қатысты, өз ойларын ортаға салып өздерін еркін ұстады.



1 сынып ата – аналарымен «Мектепке бейімделудегі ата – ананың ролі» тақырыбында ата – аналар жиналысы өткізілді.

1 сынып ата- аналары 100 пайыз қатысты, және белсенділік танытты.



Сонымен қатар мектепке бейімсіздігін анықтау Рахмнкулова әдістемесі сауалнамасы жүргізілді.

Мақсаты: оқушылардың мектепке қаншалықты беімделгенін ата – аналар тарапынан анықтау.

Қатысқандар: 100 пайыз

Қатыспағандар: 0

Ата – аналарға 12 сұрақтан тұратын сауалнама таратылды. Ата – аналар белсенді түрде жауап берді.

Сауалнаманың нәтижесі бойынша оқушылар мектепке бейімделген, мектпке жақсы көңіл күймен барады және мектептен жақсы көңіл күймен келеді, мектепке деген көз қарастары жақсы екендігі анықталды. Әзірше қиындықтарды үлкендердің

көмегімен жеңетіні анықталды. Оқушылар өз эмоцияларын басқара алады, тәртібінде оң өзгерістер бар екендігі байқалады.

Қазан айында мектепшілік ата – аналар жиналсы өткізілді. Бұл жиналыста «Жүрек жылуы» тақырыбында ата – аналармен жұмыс жүргізілді.

Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы - отбасы.

Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу. ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру.

Міндеті: ата-аналарды өздерінің балаларының жан-дүниесін түсінуге шақыру.

1. Сабақ барысында түрлі түстер арқылы ата – аналар бір – бірімен амандасты.
2. Ата – аналар 4 топқа бөлініп жағдаяттардың шығу жолдарын ортаға салды.
3. Ашулы шарлар
4. Байқампаздық сияқты тренингтердің элементтерін жүргіздім.



<https://www.instagram.com/p/CjIIEKosEEB/?igshid=NzJjY2FjNWJiZg==>

2 сынып оқушыларының ата – аналар жиналысына Айгүл Оразалықызы жиналысқа қатысу шақырды. 2 сынып ата – аналармен де «Интернетк тәуелділігі және ғаламтор қауіпі» тақырыбында кеңестер. Ұсыныстар жүргізілді. сонымен қара ата – ана мен бала арасындағы қарым – қатынас байланысын байқау мақсатында тренингтің элементтерін жүргіздім.



«Зорлық – зомбылыққа қарсымын» республикалық науқанды негізге ала отырып 5-8 сынып оқушылары арасында «Мен зорлық – зомбылыққа қарсымын» тақырыбында дамыту сабағы өткізілді.

Мақсаты:

- Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту.
- Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету
- Зорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру.
Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бамауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

Сабақтың басы амандасудан бассталды және түрлік түсті карточка арқылы екі топқа бөлінді.

1. Кіріспе сөзде зорлық – зомбылық туралы оқушылардың ой – пікірлері ортаға салынып талқыланды.
2. «Зорлық – зомбылықсыз және қатігездіксіз балалық шақ» тақырыбында постер жазып қорғады.
3. «Аяқталмаған тезистер» зорлық – зомбылықтың түрлеріне анықтама жазып шықты.
4. «Кеі байланыста» оқушылар ойларын қорытындылап айтты.

Ұсыныс: Оқушылардың эмоциялық жағдайын күнделікті бақылау.

9-11 сынып оқуларына «Зорлық – зомбылықты алдын алу» тақырыбында жаднамалар таратылды.

<https://www.instagram.com/p/CIQHEKjsWIS/?igshid=NzJjY2FjNWJiZg==>



Ерте жүктілікті алдын алу мақсатында **“Қыз бала мен ұл бала сыйластығы”** тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Қатысқандар: 7-11 сынып қыздары

Жалпы қатысқандар саны: 10 оқушы қыздар

Кеңестің жүргізілу барысы:

1“Қыз балалардың жеке гигиенасы бойынша қозғалатын проблемалар” мектеп медбикесі: Касымбаева М.Т..

2. «Сәлемдесу салт жорағысы», «Мен кімін? Мен қандаймын?» тренинг, жаттығу педагог-психолог: Магзумова А.О.

3. «Қыздар гигиенасы жайлы кеңестер» қыздармен сұхбаттасу. Педагог-психологтар: Магзумова А.О.

Бірінші мәселе бойынша“Қыз балалардың жеке гигиенасы бойынша қозғалатын проблемалар” тақырыбы бойынша кеңестер жүргізілді. Жиналыс барысында: «Ұлтымыз қыз баланың ізеттілігі мен мәдениеттілігін — сыртқы бет-пішіні мен киім киісіне қарап бағалаған. «Қыз – өмірдің гүлі»,«Қыз – халықтың гүлі, өлең – сауықтың гүлі»деген даналардың сөзі бар. Сол себепті, қызы тәрбиелі елдің болашағы зор болмақ. Өйткені, ұлттың болашағы қыздың құрсағынан басталады. «Қыз – халықтың гүлі, өлең – сауықтың гүлі» демекші, қыз бала тек сұлулығымен емес, бойына біткен мейірімділік, нәзіктік сияқты қасиеттерімен де көрікті. Қазақ халқы қыздың тәрбиесіне ерекше мән беріп, аялап өсірген. Нарықтық заманның талабы өзгерсе де, бойындағы ұяндық нұрын сөндірмей, қазақ қызына тән болмысын бұзбай жүргендер де жетерлік. Алайда, бес саусақтың бірдей

болмайтынындай, «арзан» алтынға қымбат қасиеттерін алмастыруға дайын қыздарымыз да жоқ емес.

«Қыздардың жеке гигиенасы кеңес» мектеп медбикесі Мағзумова А.О. өз сөзінде: қыздарға жеке бас гигиенасы туралы және қыздардың бойындағы ерекше қасиет ана болу мәселесі жайында ашық түрде әңгіме жүргізіп, көптеген кеңестер берді. Кеңес беру барысында қыздардың сән кумай, бояуды бытыстырып жақпай, денеге жабысқан киім кимеу, етегі қысқа киімдер кимеу, шашатарын жайып, өздерін сорақы көрсетпей, айналасындағыларға боянып сыланып әдемі көрініп, ер адамдардың өздеріне көңілін аударып, ерте жастан жеңілтек атанбау үшін, өз бойындағы табиғи сұлулықты сақтау керектілігі айтылып түсіндірілді. Сонымен қатар еркекпен ерте жақындасудың зардабы да, салдары да көп. Ойда жоқта жүкті болып қалу – жас қыздардың денсаулықтарын құртады, көптеген жағдайларда өмірлеріне қатты нұсқан келтіреді. Тұңғыш рет баланы алдырып тастау, яғни аборт жасату - әйелді бедеу етуі, түсініктірек айтсақ екінші рет бала бітпеуі мүмкін. Қазір бедеулікке тұңғыш біткен баланы алдыртып тастау себепкер болып отыр деп өз сөздерін аяқтады.

Мектеп психологтары қыздарға арналған кеңестер бойынша Мақсаты: қыз балаларға жақсы мінез, салауатты өмір салтын сақтауды қалыптастыру, дұрыс күтім жасауға үйрету.

Жас қыздарға арналған кейбір дәстүрлі кеңестерді ұсынды. Денсаулықты қалай күте білу, әдемі де сүйкімді көріну, сізді қоршаған жандарға жағымды көріне білудің құпиясын туралы айтылды. Төмендегі ретпен бірқатар кеңестер жүргізілді.

Ұсыныс:

1. Қыздармен ананың қарым-қатынасы және жеке өмірінде болып жатқан өзгерістер жайында хабардар болып отыруды жалғастыру.
2. Қыздармен аналар мектебінің жұмысын әрі қарай жандандыру.



11 сынып оқушылармен ҰБТ-ға дайындалудың тиімді жолдары кеңестер беріліп жаднамалар таратылды.

9,11 сынып оқушыларымен ҰБТ-ге, мемлекеттік емтиханға дайындауға арналған психологиялық тренинг сабақ өткізілді. Мақстаы: ҰБТ-ге, мемлекеттік емтиханға дайындалу кезінде оқушылардың өзінің мінез – құлқын және эмоцияларын басқара алуына үйрету, өзін – өзі бағалау деңгейін жоғарлату, қобалжу сезімдерімен күресе білуге үйрету.

<https://www.instagram.com/p/CruzO8SMzaa/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

1-11 сынып арасында «Буллинг және кибербуллинг» туралы ақпарат берілді. Буллинг және кибербуллинг туралы ақпарат таратылды.

Ата – аналар комитетінің отырысы оқушылар арасындағы буллинг және кибербуллинг тақырыбында өтті.

<https://www.instagram.com/p/CoubGF7M1pF/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Аутодистуктивті мінез – құлықты алдын алу мақстаныда 9-10 сынып оқушыларының арасында «Көңіл – күйіңе әсер ет және оны жақсартыңыз» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Тренинг барысында оқушылар өздерін еркін ұстап «Күншуақ», «Көңіл күй сауалнамасы» тренингтің элементтерінде оқушылар өздір жоғары бағалауға, өздерінің бойындағы жақсы қасиеттерді жазуға белсенді қатысты.

Көңіл күй сауалнамасының қортыныдысы бойынша оқушылао өмірді жеңіл қабылдайды, өмірге деген көзқарасы қалыпты екендігі анықталды.



Күсеп селолық округінің полиция инспекторы Нукенов С.М. Өзен ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 8 А сынып оқушыларымен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сұхбат жүргізді. Бұл сұхбат 8 сынып оқушыларының ата - аналарымен бірге жүргізілді. Осы жимналыста «Отбасы тәрбиесіндегі ата – ананың балаға деген ықпалы» атты тақырыпты ата – аналармен тренингтің элементтері жүргізілді. «Жер жаңғағы», «Жүректен жүрекке» т.б. әдістемелерге ата – аналар белсенді қатысып ойларын ортаға салды.

<https://www.instagram.com/p/CqasKZ8MBwX/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

«Тәуекел тобындағы» балаларды анықтау мақстанды 8-11 сынып оқушылары арасында Разуваеваның тесті өткізілді. Сауалнаманың өорытындысы бойынша ерекше назарда өажет ететін оқушылар анықталмады. Бірақ әр бір оқушының эмоциялық көңіл – күйі, психикалық денсаулығы күнделікті бақылауда.

1 наурыз Алғыс айту күніне орай «Алғыс айту парызым» атты тақырыпта сабақ өткізілді. Мақсаты: ризашылық, рахмет, алғыс туралы түсінік беру. Үлкен – кішіге деген сүйіспеншілік , сыпайылық қарым – қатынасты дамыту. Әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/reel/CpQEDM8I73j/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

11 сынып оқушыларымен «ҰБТ-ге сеніммен барайық» атты коррекциялық сабақ өткізілді. Мақсаты: оқушылардың өзін тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стессті жеңуге жол көрсету. «Өсір теңіз, тағдыр кеме» тренингтің элементінде оқушылар өз армандарын, мақсаттарын кемеге жазып теңзге жіберді. Сонымен қатар емтиханға дайындықта ұмыту прцесін азайту үшін түрлі әдіс – тәсілдер айтылды.

<https://www.instagram.com/p/CnjABY3M6br/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Ата – аналарға ақпарат желісі арқылы жасөспірімдердің психикалық денсаулығы туралы ақпарат таратылды.

<https://www.instagram.com/reel/CjkYphqDPwI/?igshid=NzJjY2FjNWJiZg==>

2022-2023 оқу жылында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік психологиялық жағдай жасау білім беру үдерісіне қатысушыларға пстхологиялық қолдау көрсету жоспарланған түрде жұмыс атқарылды.

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Өзен ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» комуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мектептегі психологиялық қызметтің жылдық есебі

2022-2023 оқу жылы

Мектеп психологі: Мағзумова А.О.